

8D017-Тілдер және әдебиет бойынша педагогтерді даярлау (6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Бекеева Нурайша Жусуповнаның «Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытудың әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

### Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Бекеева Нурайша Жусуповнаның «Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытудың әдістемесі» атты диссертациялық жұмысы тілді оқыту үдерісінде болашақ маманның кәсіби-интеллектуалдық, кәсіби-мәдени деңгейінің көрсеткіші саналатын қарым-қатынас дағдысын дамытудың теориялық негіздерін айқындай отырып, оқытудың ғылыми-әдістемелік жүйесін ұсыну арқылы кәсіби маман моделін қалыптастыру ұстанымдарын жүйелеуге бағытталған. Диссертация тақырыбының ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалармен байланысы бар. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына және Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, сондай-ақ «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасындағы басымдықтарға негізделген.</p> <p>Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 қаулысымен бекітілген «Ұлттық рухани жаңғыру» жобасына және «Цифрлық Қазақстан» бағдарламаларымен тығыз ұштасқан.</p>
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама</p>	<p>Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.</p> <p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылдың 22 шілдесіндегі №467 және 2016жылдың 8 тамызындағы №492 бұйрықтарымен бекітілген ҚР ның жоғары оқу</p>

		аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	орындарында 2016-2017 оқу жылында жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бұйрығына сәйкес 8D017-Тілдер және әдебиет бойынша педагогтерді даярлау (6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті) бағыты бойынша ұсынылған.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Бұл диссертациялық ғылыми зерттеу жұмысы тек болашақ маманның кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытуға ғана емес, қазақ тілін оқыту әдістемесіне ұсынар өз әдіс-тәсілдері, ғылыми пайымдаулары, нақты тұжырымдары бар. Зерттеу тақырыбын әдістемесінің мазмұны айқындалған және түрлендіріліп, толықтырылған. Ол үшін студенттерді түрлі кәсіби қарым-қатынас дағдыларына баулуда онлайн, офлайн және аралас форматта оқытудың жаңаша парадигмадағы нақты жолдары әлемдік деңгейде сынақтан өткен тәжірибедегі дағдылар негізінде тұжырымдалады. Зерттеу тілдерді оқыту және қазақ тілін оқыту әдістемесіне қатысты зерттеулерге негіз бола алады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертацияда ұсынылған тұжырымдар мен қорытындылардың негізделу дәрежесі ізденушінің әдістемелік бағытымен және теориялық мәселелерге шолу жасау қабілетімен анықталады. Диссертациялық зерттеу жұмысының өзі жазу деңгейі жоғары. Зерттеу барысында қойылған мәселені талдау әдістерін ұтымды қолдана алғандығы, зерттеу қызметі логикасын дұрыс құруы, тақырыпты ғылыми негіздермен саралай талдап-тұжырымдауы зерттеушілік қабілеттерін танытып, нақты нәтижеге жете алатындығын көрсетті. Жүргізген зерттеу, орындалған тәжірибелік эксперимент нәтижесі оның ғылыми көзқарасының жан жақты қалыптасуына мүмкіндік береді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген;	4.1 Диссертациялық зерттеу жұмысының барысында алынған теориялық және практикалық нәтижелердің тығыз бірлікте



	3) негізделмеген.	<p>болуымен, ғылыми зерттеудің тағылымдық, тәжірибелік кезеңдерінің өзара сабақтастығымен, жүйелілігімен, ғылыми-әдістемелік тәсілдерді ұтымды қолданумен, ғылыми аппараттың ауқымдылығымен, әр тараудың мазмұнының жинақы жазылуымен анықталады. Алынған нәтижелер диссертацияның мақсаты мен міндеттерінен туындайды.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жаңа педагогикалық парадигмаға сәйкес болашақ маманға қазақ тілін меңгеруде кәсіби қатысымдық күзіреттілік деңгейіне жеткізудің жаңаша әдістемесін ұсыну жолдарымен өзекті;</li> <li>- болашақ мамандарға қазақ тілін оқытуда кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытудың әдістемесін жан жақты жетілдірілген, озық педагогикалық және академиялық нақты мысалдардағы тәжірибені ескере отырып, күзіреттілік деңгейіне көтерілген тілді оқытудың, дамытудың әлемдік әдістемелік жүйесіне ғылыми тұрғыда негіздеуімен;</li> <li>- бәсекелес жаңаша заман талабына сай білім берудің еңбек нарығындағы бәсекеге лайықты білім берудің жаңа парадигма мен жаңаша интерактивтілік негіздегі технологияға негізделуімен;</li> <li>- Қазақ тілінің түрлі курстарын оқытуда студенттің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытатын арнайы пәннің, таңдау пәнінің қазақ мектептерін бітірген студенттер үшін арнайы пән ретінде ұсынылмауын мәселе етіп көтеруімен;</li> <li>- қазақ мектебін бітірген студенттердің де кәсіби қарым-қатынаста өз ойларын, айтар сөздерін еркін, кәсіби маман ретінде еркін, толық жеткізе алмауын дұрыс жолға қою тәсілдерін ұсынуымен;</li> <li>- рухани құндылықтарға негізделген; кәсіби маман моделін құруда болашақ маманға ұсынылатын тілдік материалдардың тақырыптық-мазмұндық жағынан анықталуымен;</li> <li>-қазақ тілін оқытуда педагогикалық технологияларды тиімді қолданудағы</li> </ul>
--	-------------------	---

			маңыздылығымен және кәсіби-қатысымдық бағытта оқыту технологиясын нақты тәжірибеде офлайн және онлайн, аралас форматта жүзеге асырылуы арқылы қазіргі заманға сай және өте қажетті интерактивті желілік технологияны ұсынуымен негізделеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды;</u> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	4.2 Диссертацияны оқып талдау барысында, зерттеудің мазмұны диссертацияның тақырыбын нақты айқындайтыны байқалады. Жұмыстың ғылыми аппараты анық және нақты айқындалған. Диссертация мазмұнын жұмыстың барлық бөлімдерінде толық және ғылыми негізде толық аша алған. Диссертация тақырыбын ашатын теория мен практиканың тұтастығы туралы әдіснамалық ұстанымдар, маңызды философиялық қағидалар, педагогикалық, психологиялық, ғылыми-әдістемелік талдау жасау, озық педагогикалық іс-тәжірибелерді жинақтау, эксперимент жүргізу, сауалнамалық сұрақтар, эксперимент нәтижелерін өңдеу мен қорытындылаулар - диссертация мазмұнының зерттеу тақырыбын айқындайтынын дәлелдейді. Диссертация мазмұны тақырып кеңістігін толық айқындай алады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	4.3 Зерттеу жұмысының алдына қойған қойған мақсаттары пен міндеттері диссертация тақырыбына нақты сәйкес келеді. Сәйкестік зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растайды.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	4.4 Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттерден және қосымшалардан тұрады. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыда толық байланысқан. Диссертацияның құрылысы, алынған негізгі нәтижелер мен қорытынды зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Жалпы зерттеу жоғары деңгейде жазылған, диссертацияда зерттеу үдерісінің барлық компоненттері қарастырылған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар,	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, ғылыми айналымда жүрген



		әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	белгілі тұжырымдар мен қағидалар салыстырылып, ұтымды ұсынылған Сыни талдауы бар, авторлық пікір өзге ғалымдардың көзқарастарымен жүйеленіп ұсынылған. Мәселен, болашақ маман дайындауда «Рухани бай кәсіби маман» моделін ұсыну барысында сыни тұрғыда талдау жасау тәсілдерін Абай мен Конфуций мұралары арқылы нақты мысалдармен дәйектеген. Сонымен қатар диссертант тарапынан ғылыми айналымға жаңа терминдер, іскерлік дағдыға баулу әдістері және «Интерактивті желілік технология» атты технология ұсынылған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады Диссертацияда тұжырымдалған сараптамалар қазақ тілін оқыту әдістемесіне қосылған өзіндік үлесімен орын алады. Диссертация тақырыбын зерттеудегі осы жұмыстың әдіснамасы, философиясы, психологиясы толық ашылып, теориялық және практикалық жағынан жан жақты нақты талдаулар жасай алған. Зерттеу нәтижесінде: Бірінші нәтиже бойынша студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын жетілдіруге арналған кәсіби-іскери тілдік тұлға қалыптастыруға лайықты ғылыми-әдістемелік жүйе жасалуы толығымен жаңа болып табылады. Екінші нәтиже бойынша болашақ маманның кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытуда қолданылатын дидактикалық материалдар, атап айтқанда, тілдесімдік тақырыптар, сөйлеу тапсырмаларының жағдаяттық-қатысымдық бағдары әлемдік деңгейде сынақтан өткен материалдар негізінде ұсынылуымен және анықталуымен жаңа. Үшінші нәтиже бойынша тілді оқытуда Абайдың «толық адам» идеясы және Конфуцийдің «ізгілікті кісі» ілімдері негізінде салыстырмалы-сыни тұрғыда ой қалыптастыру дағдысын қалыптасыра отырып және бай рухани ұлттық құндылықтар мен

			<p>фразеологиялық тіркестердің іскерлік дискурстағы қолданымдылығы негізінде «Рухани бай кәсіби тұлға» моделін ұсынуымен жаңа.</p> <p>Төртінші нәтиже бойынша зерттеу тақырыбы әдістемесінде жаңа педагогикалық парадигмаға лайықталған онлайн, офлайн және аралас оқыту форматтарында қолданылатын «интерактивті желілік технология» атты жаңа әмбебап технология ұсынуымен толықтай жаңа болып табылады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңаболыптабылады)</p>	<p>Диссертацияда жасалған әр нәтиже ғылыми тұжырымдарға негізделген, соған байланысты түйінделген қорытындылар дәрежесі жоғары. Қорытындылар мен алынған нәтижелер нақты және дәлелді шыққан, шынайылық дәрежесі талаптарға сай келеді. Докторанттың зерттеу жұмысы толығымен аяқталған болып табылады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдері толығымен жаңа болып табылады. Осы зерттеу негізінде ұсынған түрлі техникалық әдіс-тәсілдер, интернет ресурстар онлайн және офлайн оқыту форматында қолдануға тиімді «Интерактивті желілік технология» толығымен жаңа және нақты тәжірибеде дәлелденген зерттеу болып табылады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі әдіснамалық және теориялық талдаулармен, педагогикалық, лингвистикалық, психологиялық зерттеулердің талаптарын орынды пайдалануымен, зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес әдіс-тәсілдерді жүйелі түрде қолдануымен ерекшеленеді. Диссертацияның негізгі қағидалары мен қорытындылары қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ғылыми көпшілікке конференция материалдары, ғылыми мақалалар үлгілерінде ұсынылған. Атап айтқанда,</p>



			3 мақала Scopus деректер қорына енетін жарияланымда, 3 мақала ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 мақала халықаралық ғылыми конференция жинағында, 1 мақала шетелдік халықаралық ғылыми конференцияда.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>7.1 Қорғауға ұсынылған қағидалар дәлелденген. Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытуда студенттің мотивациясын тудыру арқылы тілдік тұлғаның концептілік өрісінде лингвоелтанымдық материалдардың маңызы айқындалған. Бай фразеологизмдер қоры, белгілі тұлғалар мұралары ұлттық танымдық, рухани байлықты танытуға оң әсер ететіндігі дәлелденген;</p> <p>7.2 Қағида тривиалды емес. Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытуда интернет платформаларды қолдану және электронды тілдік портфель болашақ маманға курс жұмысын жүйелі жүргізуге көмектесетіндігі, рефлексия жасау мен өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыратындығы онлайн және офлайн форматта E-Learning Moodle платформасында эксперимент курстары материалдары парақшалары толық жасақталған. Келесі мақалада дәлелденген:</p> <p>Болашақ маманның презентациялар жасау дағдысын дамыту//«Рухани жаңғыру бағдарламасы және Астананың 20 жылдығы аясында Қазіргі интеграциялық үдерістер және тіл мәртебесін арттыру» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. ЕҰУ, 8-10 қараша, -Астана, 2018. - Б.157-161.</p> <p>7.3 Қағида жаңа. Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытуда жағдаяттық сөйлеу жаттығуларын қолдану әдістемесі әлемдік деңгейде сынақтан өткен жағдаяттық жаттығулар негізінде жасалып, нақты эксперименттермен дәлелденген.</p>

			<p>Мәселен: «Қазақ тілін оқытуда студенттердің коммуникативтік дағдысын дамытудың маңызы мен мәні»// Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. – «Филология ғылымдарының» сериясы. – Алматы: 2019. - № 4 (70), - Б. 420-427.</p> <p>7.4 Қағиданың қолдану деңгейі кең, өйткені өзекті мәселе бойынша ізденістер жүргізілген.</p> <p>7.5 Жұмыстың ғылыми жетістіктерін дәйектейтін бағыттардың бірі және бірегейі – ғылыми басылымдарда жариялануы. Қорғауға ұсынылған қағидалар ғылыми мақалаларда дәлелденген. Атап айтқанда, «Қазақ тілін кәсіби қарым-қатынас құралы ретінде оқыту және лингвоелтаным бағыты» // Эль Фараби ҚҰУ Хабаршысы, Филология сериясы. – Алматы: 2018.– №3(171), - 192-197б.</p> <p>«Абай және Конфуций мұраларындағы ортақ сыншылдық көзқарасты болашақ маман дайындауда пайдалану маңыздылығы»//5th International Congress on Social Sciences, China to Adriatic. Congress book of full texts. Japan,Tokyo:18-25 September 2017. –P.146-151.</p> <p>«Phraseological Expressions in the Turkic Language: Comparative Analysis»// International Journal of Society, Culture &amp; Language. – Volume 9 (2). Iran, 2021. – pp. 29-40.</p> <p>Speech Interference Generated by Proverbs and Phraseological Units of the Russian and Chinese Languages //International Journal of Society, Culture &amp; Language. – Volume9 (2). Iran, 2021. – pp. 29-40.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	8.1 Зерттеудің жалпы әдіснамалық тәсілінің ғылыми дұрыс таңдалуы арқылы, ғылыми әдістер жүйесін, сонымен қатар оқытудың болашақ маманның кәсіби-интеллектуалдық, кәсіби-мәдени деңгейінің көрсеткіші саналатын қарым-қатынас дағдысын



			дамыту арқылы тәжірибелік-эксперименттің дұрыс ұйымдастырылуымен, экспериментте қол жеткізген сапалық көрсеткіштері арқылы қамтамасыз етілген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	8.2 Диссертацияның маңызды бөлігін практикалық тұжырымдар, автор тарапынан жүргізілген тәжірибелік ізденістер, мониторинг нәтижелері көрсете алады: мысалы, диссертация жұмысында «Интерактивті желілік технология» ұсынылды. Бұл технология онлайн және офлайн форматтардың бірлігі арқылы жасалған. Барлық жұмыс түрлері осы интерактивті желілік технология көмегімен студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытуда жаңаша мүмкіндіктер бере алуын дәлелдеген. Диссертациядағы бұл технология эксперименттік тәжірибедегі және практикалық қолданыстағы платформалар ZOOM, E-Learning Moodle платформалары және қарапайым желілік құралдар L-drive, Whatsapp, e-mail тағы басқа да интерфэйстер, интерактивті электронды тақталарды қолдану арқылы жасалған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	8.3 Теориялық негізде талданған зерттеулер диссертанттың базалық платформасын саралаумен қатар, эксперименттік бөлімінің негізгі бағыт-бағдарын ішкі бірлікте ұстауға септігін тигізді Теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген және расталған. Жүргізілген жұмыстар диссертация қосымшасында ендіру актісімен дәлелденеді. 50 адам қатысқан тәжірибе нәтижелері сандық та, сапалық та тұрғыдан маңызды деректер қорын құрай алады.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен нормативтік құжаттары, отандық және шетелдік ғалымдардың педагогикалық

			еңбектері, ғылыми монографиялар, диссертациялық зерттеулер, оқу-әдістемелік құралдар, әдістемелік нұсқаулықтар, интернет ресурстар, сөздіктер, анықтамалықтар, газет-журналдар мен ғылыми-практикалық конференция жинақтары, ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған материалдарға сілтеме жасау арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u>	8.5 Қолданыстағы әдебиеттер тізімі диссертацияның теориялық та, әдістемелік те негізін жүйелеуге толық мүмкіндік береді. Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті қамтылған. Жұмыс барлығы 157 библиографиялық сипаттамадан тұрады және ҚР-ның Білім және ғылым министрлігі бекіткен нормативтік құжаттардың тізімін қамтиды.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	9.1 Алынған нәтижелер көкейкесті мәселені шешуге бағдарланған. Диссертацияның теориялық маңызы бар және ол келесідей теорияларға негізделуімен анықталады: когнитивтік-тілді оқытуда танымдық бағытта негіздей оқыту, тұлға теориясы-болашақ кәсіби тұлға қалыптастыруға негізделген, іс-әрекет теориясы-кәсіби қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға, құндылықтар теориясы - «Рухани бай кәсіби тұлға» моделін жасауда және танымдық теорияға негізделеді. Зерттеу барысында алынған нәтижелер мен ғылыми ұсыныстарды қазақ тілін оқыту сапасын жетілдіру мақсатында ұстаздар қауымы мен педагог-мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау орталықтары мен институттары тәжірибесінде пайдалануға болады және педагогика мамандығына қатысты жоғары оқу орындарының да қолдануына мүмкіндігі бар. Ізденушінің зерттеу жұмысында қол жеткізген нәтижелері теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да маңызды.



		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>9.2. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді қолданбалы сипатта іске асыруға мүмкіндігі жоғары. Диссертацияда тұжырымдалған теориялық қағидалар мен әдіс-тәсілдер тілді оқытудың, дамытудың түрлі курстарында, деңгейлерінде оқу іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша ғылыми-тәжірибелік тұрғыда дәлелденген әдістемелік ұсыныс ретінде пайдалана алады. Зерттеу эксперименті бойынша өткізілген сабақ әдіс-тәсілдері, ұсынылған тақырыптар мен мәтіндер, жағдаяттық жаттығулар, интернет платформалардағы ойын түрлері, дидактикалық жаттығулар, интерактивті тақталарда арнайы дайындалған тілдік портфель, E-Learning Moodle қосымшаларындағы түрлі кейстер мен интерактивті жаттығулар, тест түрлері студенттердің білік-дағдыларын арттыруда пайдалануға болады.</p> <p>Осы тұрғыда эксперименттен өткен дидактикалық материалдарды диссертация қосымшасында көбірек ұсынуға болар еді. Аталған ұсыныс диссертацияның құндылығын түсірмейді.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Оқу үрдісінде қолдануға болатын эксперименттік талдау нәтижелері мен мониторинг деректері диссертацияның практикалық ұсыныстарын 75 пайыздық мөлшерде жоғары бағалауға мүмкіндік береді. ЖОО-да қазақ тілінен арнайы курстар жүргізуде, тілді оқытудың деңгейлік жүйесінде диссертацияда ұсынылған модельді және интерактивті желілік технологиямен оқытуды, түрлі белсенді әдістері, Интернет платформаларды қолдану тиімділігі толығымен жаңа болып табылады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация ғылыми стильде жазылған. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған.</p>

		<p>Диссертацияда докторант тарапынан да жаңа терминдер ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнының рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Ізденушінің теориялық та, тілдік материалдар бойынша да жинақтаған көлемді қорын жоғары бағалай келе, жүйелеп сұрыптау жұмысын жүргізу қажеттігін атап өтеміз. Мысалы, 1-бөлімде диссертант қазақ тілін оқыту барысында кәсіби маман моделін қалыптастыру ұстанымдарына сай «Рухани бай кәсіби тұлға» моделін ұсынған. Осы тұста модельдің нақты талаптары жүйеленіп жіктелсе, жұмыстың құндылығы арта түсер еді. Диссертацияда ішінара техникалық қателер кездеседі. Бұл кемшіліктер ғылыми жұмыстың құндылығына нұқсан келтірмейді. Н. Ж. Бекееваның «Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытудың әдістемесі» атты 8D017-Тілдер және әдебиет бойынша педагогтерді даярлау (6D0101700 - Қазақ тілі мен әдебиеті) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған талаптарға толығымен сәйкес келетін, академиялық жазу сапасы жоғары және терең дайындық нәтижелерін құраған ғылыми жұмыс ретінде бағаланады, ал оның авторы Нурайша Жусуповна Бекеева философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеледі.</p>
--	--	--

**Шешім:** Бекеева Нурайша Жусуповнаға 8D017-Тілдер және әдебиет бойынша педагогтерді даярлау (6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп санаймын.

**Ресми рецензент,  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық  
университетінің профессоры,  
педагогика ғылымдарының докторы**



*А.А. Сатбекова*



Қолы \_\_\_\_\_  
 Подпись \_\_\_\_\_  
 Растаймын: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі  
 Заверено: НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба

**А.А. Сатбекова**